

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

стали не меньшей жертвой политики тоталитаризма внутри своей страны) я отношусь нейтрально, когда как население Украины мне поистине жаль. С моральной точки зрения, в 21-м веке, когда преобладающая политика в большинстве стран мира - правовая, кормить ужасами войны, лишения прав и свободы в любом месте недопустимо».

Здесь мы видим, несмотря на общую аполитичность и негативизм, скепсис студентов, достаточно зрелые и разносторонние оценки наиболее актуальных политических проблем.

Таким образом, мы видим, что политическая культура у студенческой молодёжи местами патриархальная, но до сих пор есть элементы подданнической культуры. Однако, определённый процент молодёжи всё-таки принимает активное участие в социальных сетях через свою твёрдую гражданскую позицию. Наше исследование показало, что уровень аполитичности, уровень интереса к политике средний, но благодаря социальным сетям ситуация улучшается и даёт всё больше надежды на образованность молодёжи в области политики.

Первым поводом к снижению аполитичности студентов послужила смена президента РК. Вторым значимым событием стала, довольно удручающая ситуация между двумя братскими народами. Но благодаря этой ситуации, весь мир не мог не пройти мимо и не высказаться относительно этой ситуации, и наша молодёжь не осталась в стороне.

До студенческой молодёжи постепенно приходит осознание, что политика касается всех граждан страны. Если вы не заинтересуетесь и не займетесь политикой, политика заинтересует вас и займётся вами. Интерес молодёжи к политике растёт с каждым днём, что не может не радовать, ведь только образованные члены общества смогут построить цивилизованное государство, а необразованным народом легче управлять.

Список использованных источников

- 1.Г. Алмонд, С. Верба. Гражданская культура и стабильность демократии. Дата обращения: 15 декабря 2021. https://www.civisbook.ru/files/File/1992-4-Almond_Verba.pdf
2. Колоткин М.Н. Политология. Учеб. пособие. - Новосибирск.: СГГА, 2006.
3. Рукавишников В., Лук Халмон, Питер Эстер, Политические культуры и социальные изменения, М., 2000.
4. Кертман, Г. Участие молодёжи в политических организациях // Молодёжь в политике. [Электронный ресурс] Режим доступа: http://bd.fom.ru/report/cat/yong_pol/dd051528 (дата обращения: 23.02.2022).

МРНТИ 15.51.53

ЖЕРГІЛІКТІ АРТ ЖОБАЛАРДАҒЫ КУРАТОРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Бегимбаева Ботакоз Ерликхановна

«Мәдениеттану» ББ 4 курс студенті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Рамазанова А.Ч.

Қазіргі кезде заманауи өнерге негізделген галереялар мен орталықтар саны көбеюде. Заманауи өнерді халық арасына таратып, насихаттап, шын мәніне жеткісі келетін адамдардың басын қосатын кеңістіктер бірте-бірте саны артып келеді. Солардың бірі Батыс Қазақстанның Атырау қаласында ашылған «ҮЕМАА» заманауи мәдениет орталығына тоқтаса болады. Орталық батыс өңірінің мәселері мен өміріне негізделген және дүниетанымын нығайтуда. Бұл орталық басқа Астана мен Алматы секілді орталықтанған өнер ордаларынан ерекшеленеді.

Өйткені жалпы қазақстандық мәдени ұстанымнан бөлек, жергілікті мифология мен мәдени ерекшеліктерге көп көңіл бөлу де, мен оны жергілікті деңгейдегі арт жоба ретінде қарастырып отырмын.

Осылайша, Қазақстан аумағында, соның ішінде жергілікті жобаларда арт-кураторлық тәжірибенің орнын айқындау үшін сәуірдің 1-5 аралығында Google формада сауалнама жасалды және Инстаграм, Whatsapp, Telegram әлеуметтік желісінде таратылды.

Сауалнамаға 15-60 жас аралығындағы адамдар қатысты. Сауалнама тақырыбы: «Қазақстанның заманауи өнеріндегі кураторлық тәжірибені анықтау» болды. Респондент ретінде 75 адам (100%) қатысты. Бұл сауалнаманы өткізудегі мақсат – қоғам арасында мәдени іс-шараларға қатысып, көрме, галерея, мұражай сынды мәдени орындарға адамдардың қаншалықты жиі баратынын анықтау болды. Сауалнамаға Қазақстанның бүкіл өңірінен адамдар қатысты. Сауалнаманың толық сұрақтары мен жауаптары диаграмма түрінде Қосымшада берілген. Қысқаша атап өтсек:

- Сауалнамаға ең көп қатысқан солтүстік өңірінен 49,3% адам болды;
- «Қалаңызда болып жатқан мәдени іс-шаралардан қаншалықты хабардарсыз?» деген сұраққа 62,2% «Көзім түсіп қалған кезде» деп жауап берді;
- «Қалай ойлайсыз, Қазақстанда кураторлық тәжірибе дамыған ба?» деген сұраққа 66,7% «даму үстінде» деп жауап берді;
- «Сіздің ойыңызша, арт-куратор деген кім?» деген сұраққа 79,7% дұрыс жауап берді;
- «Көрмеге барған кезде куратордың немесе гидтің көмегіне жүгінесіз бе?» деген сұраққа 46,7% тек сұрақтары болған кезде ғана жүгінетінін таңдады.

Нәтижесінде көп адамдардың әлі күнге дейін кураторлық тәжірибемен таныс еместігі байқалды. Алайда, арт-куратор кім екенін көп адамдар біледі екен. Қорытындылай келе, қазақстандық қоғам арт-куратордың кім екенін және олардың тәжірибесімен таныс екені анықталды, дегенмен әлі күнге дейін бұқара халық мәдени шараларға етене араласа бермейді, өнер саласынан әлі қашықтау екені байқалады.

«YEMAA» заманауи мәдениет орталығы (Your Educational and Majestic Adventure in Art) заманауи өнерді дамытуға және аймақтық өркениетті қалыптастыруға септік білдіретін кеңістік. Орталықтың негізгі міндеттеріне:

- Көркем өнер көрмелерін ұйымдастыру
- Әртүрлі перформанстар мен қойылымдар қою
- Digital Art пен workshop дамыту
- Өнер саласында жүрген суретшілермен, мүсіншілермен, ақындармен, немесе өнер кеңістігінде жинаған тәжірибесімен бөліскісі келетін жандармен кез келген дәрістер немесе мастер-класстар ұйымдастыру
- Аукциондар, арт-бранчтар, кинокөрсетілімдер, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру[1].

Орталықтың ерекше мақтанатын жері - өзінің кітапханасының болуы. Кітапхана қорында өнер, мәдениеттану, философия, дизайн, заманауи көркем әдебиет туралы шамамен 500дей кітап бар. Кітапхана қоры әртүрлі серіктестер мен қолдаушылардың көмегімен жинақталып келеді.

Орталық ұйымдастырған көрмелерге келетін болсақ. Алғашқы айтылатын көрме Еуразиялық Мәдени альянс қолдауымен ұйымдастырылған көрме атауы «Зұлымдық гүлдері» (*Сурет-1 қараңыз*) деп аталады. Ол 2022 жылдың 3 маусымында ашылған. Көрме кураторының рөлін В. Слудский атқарды. Көрме идеясы ретінде гүлдер тақырыбын алып, яғни осындай «қауіпсіз» тақырып аясында саясат, қақтығыс, экономика жайлы баяндау болды. «Зұлымдық гүлдері» көрме атауын өзінің өлеңдер жинағын осылай атаған Ш. Бодлерден алынды, алайда өлеңдер жинағының көрмеге көп қатысы жоқ. Ш. Бодлерді сол жинағы үшін айыптаған болатын. Дегенмен, көрме тақырыбы бұл жинақтың төңірегінде айналып қалған жоқ [2].

Көрме экспонаттары әртүрлі пішіндегі, көлемдегі, түстегі гүлдерге арналған еді. «Зұлымдық гүлдері» – бұл зерттеу барысынан туындаған көрме, әртүрлі гүлдер арқылы тарихқа, саясатқа, лингвистика мен қақтығысқа призма арқылы қарауға деген мүмкіндік. Бұл гүлдер тек сыртынан әдемі, бейкүнә көрінгенімен, шын мәнінде олар қауіпті және кез келген апатты дүниені тудыратын сияқты болып көрінді. Көрмеге қатысқан суретшілер қатарында С. Атабеков, А. Батыр, В. Богданова, С. Дюсенбина, Л. Ханим және тағы басқалары болды. Қойылған суреттер ішінде М. Нарымбетовтың, С. Сулейменованың, С. Байғалиевтің еңбектері болды. «ҮЕМАА» орталығының мақсаты Батыс Қазақстанда заманауи өнерді насихаттап, бүкіл адамдар жиналатын бір нүктені анықтау, кез келген адам өз ойын жеке білдіре алатын, қысылмай, ұялмай пікірін айта алатын жерді қалыптастыру. Аймақтық насихаттауға бағытталған орталық мақсаты бүгінгі күні өз жұмысын мықты атқарып келеді.

ҮЕМАА ARTIST RESIDENCE – қазіргі заманғы суретшілерге арналған Атырау қаласындағы резиденция жобасы (<https://yemaa.kz>). ҮЕМАА суретшілер резиденциясының мақсаты - жаңа медиа мен дәстүрлі әдістерді қолдана отырып, пәнаралық жобаларды жасау үшін заманауи өнерде инновациялар, эксперименттер, білім беру және алмасу үшін мүмкіндік пен кеңістікті қамтамасыз ету. Қатысушыларға зерттеу және жұмыс әдістерінде толық еркіндік берілетін таптырмас жер болып келеді.



Сурет-1.«ҮЕМАА» заманауи мәдениет орталығы. «Зұлымдық гүлдері» көрмесі (фотосурет сайттан алынды). 2022.

Көрменің кураторы жайлы сөз қозғалатын болса, жоғарыда айтып кеткендей В. Слудский болды. Ол тек отандық суретшілермен ғана жұмыс істеп қоймай, сонымен қатар шетелдік тәжірибесі де жеткілікті болды. Ол Сингапурлық Metis Art Education компаниясында арт-консультант ретінде жұмыс атқарды, сонымен қатар Нью-Йорктағы Ethan Cohen Gallery-сын басқарып, сол жерде А.Вейвей, Я.Кусама, Э.Уархол, Д.Кесслер, Г.Мабундо, Абудия сынды суретшілердің көрмелерінде куратор және со-куратор қызметін атқарды. Кураторлықтан басқа В. Слудский Т.Ниши, М.Форнес, Э.Роджерс, Н.Кошелевпен галереяда, сонымен қатар Орталық Азиядағы суретшілер А.Угай, Е.Воробьева және В.Воробьев, С.Сулейменова, арт-топ «Қызыл

Трактор» және А.Менлибаевамен бірқатар жұмыс жасаған. Қазіргі таңда В.Слудский арт-консультант ретінде тапсырыс берушілердің коллекциялауға, туындыларды жеткізу немесе сақтау туралы пайда болған сұрақтарымен көмектеседі. В. Слудскийдың кураторлық жобалары, немесе мақалалары Brooklyn Rail, Ocula, Vlast.kz, Forbes, Esquire, Art Asia Pacific сынды танымал басылымдарда жарияланған. Осындай мықты куратор мықты көрме ұйымдастырды.

Коммерциялық емес Евразиялық Мәдени альянс ұйымы 2010 жылы құрылып, қазіргі таңда Қазақстандағы заманауи өнердің дамуына қолдау білдіріп жүрген ұйымдардың бірі. Соңғы онжылдықта альянс шамамен 40 көрменің, 15 заманауи өнер фестивалінің, сонымен бірге білім беру бағдарламаларын ұйымдастырылуына септігін тигізді. Еуразиялық Мәдени альянс жергілікті және халықаралық деңгейдегі мәдени алмасуға тығыз қарым-қатынас орнатуға қол ұшын созып, жеке және қоғамдық коллекцияларға консультация жасайды, архитекторлармен, урбанистикамен тығыз жұмыс атқарады, сонымен қатар Қазақстанның жас суретшілерін барынша қолдауға тырысады [2].

«ҮЕМАА» заманауи мәдениет орталығының ұйымдастырып жатқан көптеген іс-шаралары қоршаған ортаға көп пайдасын тигізіп, батыс халқының, нақтырақ айтқанда, Атырау қаласының тұрғындарына, қонақтарына барынша көмек, қолдау көрсетіп, мәдени жағынан дамытып көркейіп жатқанына үлкен септігін тигізіп жатыр. Кеңістік өзінің назарын әркімге және кез келген адамға бұруға дайын. Қызық өмір, мәдени контент іздеген жанға, жаны шығармашыл және өзін таппай жүрген адамдарға да таптырмас жер болып табылады. Менің ойымша, бұл орталықтың қалануы да үлкен бір жетістік болды.

Келесі айтылатын көрме «Обретение Изобретение» деп аталады. Бұл «ҮЕМАА» заманауи мәдениет орталығының заманауи өнер аясында өткізген алғашқы топтық көрмесі болып табылады. Көрме суретшілердің 80-шы жылдардағы қолданған визуалды символдарына арналған болатын. Жоба қатысушылары әртүрлі шығармашылық мектептерге жатады, олардың техникалары, қолдану әдістері де басқаша, өздерінің жұмыстарында неше түрлі тақырыпта сөз қозғады. Көрме барысында қатысушылар үлкен бір қозғалысты байқай алды: дәстүрлі символдан заманауиға; замануидан пост-заманауиға; заманауидан архаикаға; содан қайтып тағы заманауиға өтетін болды. Француз суретшісі Ж. Базен айтпақшы: «Ешкім өзі қалағандай сурет салмайды.» деген [3]. Демек, бұл жердегі ой суретші кез келген кезеңді алсақ та өзінің уақытының қаламы, оның куәгері және баяндаушысы, дәл тура ақындар мен жыраулар сияқты олар сол заманның мұңы мен зарын, болған оқиғаларын баяндайды, суреттейді. Картиналарында, перформанстарында халыққа үндеу жасайды. Жеткізуші рөлін атқарады.

Көрменің жеке мақсаты – батыс халқын еліміздің басқа да өңірлеріндегі стилі мен жанрларымен таныстыру, оны өмірлік тәжірибеге айналдыру, батысқазақстандық символдарды күнделікті, қарапайым тұрмыс-тіршілікке енгізу болды. Көрме қатысушылары А.Мусрепов, Б.Бубиканова, Л.Ханим, М.Дильман, М.Смагамбетов, Э.Такенова, С. Бекботаев, Д.Темирхан болды.

Көрме кураторлары А.Ахметжанова мен А.Мукашева «Біз өткен ғасырдың 80-жылдарында дүниеге келіп, өзімізді ізденіс үстіндегі тәуелсіз елде екенімізді түсіндік. Өзін-өзі табудың, отаршылдықтан кейінгі даулардың ортасында, дауылдың ортасында, шынайы ұлттық ерекшеленген кеңістікте мемлекет құру, өнер, дәстүр, рэкет, барахолка, коменданттық сағаттың астында батып кетті.» [4].

Соңында айта кететін жағдай, «ҮЕМАА» сияқты заманауи орталықтардың болашақта көп болары сөзсіз. Тұрғылықты жеріне байланысты ғана зерттеу жүргізіп, көрме ұйымдастырып, өнер сүйер қауымды жинап отыру үлкен жетістіктер деп нық айта аламын. Әрбір қалада, өңірде осындай жобалар көп болса, еліміздің интелекті мен ойлау қабілеті біршама кеңеюші еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «ҮЕМАА» заманауи мәдениет орталығы. / Электронды ресурс / URL: <https://yemaa.kz>
2. Цветы зла. / Электронды ресурс / URL: https://yemaa.kz/archive_article.php?id=23
3. Обретение Изобретение. / Электронды ресурс / URL: https://drive.google.com/file/d/1tnxzwUH_fmMitoesf7xg2foZBYyIF8Tn/view
4. 39. Обретение Изобретение. / Электронды ресурс / URL: https://yemaa.kz/archive_article.php?id=18

УДК 101.1

АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРКІНДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Бекмуханова Әсем Балдайырқызы

bekmuhanova.asem@mail.ru

«Философия және этика» ББ 2 курс студенті
Л.Н.Гумилева атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Тұрсынбаева А.Ө.

Халқымыздың рухани оянуы тәуелсіздігіміздің өміршең болу шартының бірі болып саналады. Елімізде жүргізілген экономикалық реформалармен қатар халықтың сана-сезімі де заман талабына сай өзгерді. Ұлттық философия осы үрдістің қозғаушы күші болып табылады.

Ұлттың алынбауға тиісті және биік үш қамалы бар. Соның бірі – ұлттық хәл-ахуал, екіншісі - ұлттың тілі, үшіншісі - ұлттық өнері және салт- дәстүрі. Ұлт өміріндегі осындай маңызды мәселелер жөнінде терең ойлар қозғап, түрлі пікірлер айтып, әлі де өзектілігін жоймаған тұжырымдамалар бар ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының мұралары халық руханиятының құндылығы десек қателеспейміз.

Алаш зиялы қауымының арманы тәуелсіз елімізде жүзеге асып жатқанын мойындауымыз керек. Өркениетке аяқ басқан елімізде уақыттың талабы да жоғары болуда, сондықтан халқымыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазынасын зерттеу өзекті мәселеге айналуға мұқтаж.

Ұлы Абай мен Алаш алыптары дүниетанымындағы терең байланысты зерттеу қазақ философиясының өзекті мәселесінің бірі. Қазақ философиясының дүниетанымдық мәселелердің ішіндегі ерекше басымдыққа ие болатын бағыт – еркіндік философиясы. Дүниетанымдық ғылымдарда еркіндік ұғымы бізге философия арқылы белгілі. Алдымен еске түсетіні Н.А. Бердяевтің «Еркіндік философиясы». М.Хайдеггер, Ж.-П.Сартр, А.Камю, Э.Фром, т.б. философтар еркіндік мәселесіне әр қырынан қарайды. Философияда еркіндік ұғымы көп талқыға түседі және екі бағыт айқын көрініс тапты: «Еркіндік Жаратушыдан», немесе «Жаратушыдан тыс еркіндік», т.с.с. Қазақ философиясында үлкен мәселенің бірі, осы еркіндік ұғымы, еркіндік мәселесі. Дана Абай еркіндік философиясына терең таныммен барған, өзінің шығармаларында еркіндік ұғымын қолданбағанымен, оның мәнін тереңнен ашатын, сол ұғымыға айқындық беретін, қазақ танымындағы – ерік, ырық ұғымдарын қолдана отырып мағынасын түсіндіреді. Осы екі ұғымның мәні сөздіктерде қалай аударылып берілгеніне назар қойсақ: а) Ырық (ырқы) – воля, власть ә) Ерік (еркі) – воля. Бұл ұғымдардың мағына аясының кеңдігі, әрі ерік-ырық ұғымдарының мәнінде еркіндікке ұмтылыстың қуаты толық танылғаны байқалады. Осы ұғымдардың мағыналық мәнін мәселе деңгейіне көтеріп, олардың болмысын өз шығармаларында хакім Абай тереңнен келген болатын.